

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) мамандығы бойынша
Диссертациялық кеңес

1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесінің 2022 жылы 8 отырысы өткізілді (01.01.2022-31.12.2022).

2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда)

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

2. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі.

Астамбаева Жупат Канапьяновна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

Искакова Ляйла Маратовна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

Есназар Асель Жаңабергенқызы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті;

Стамбекова Жазира Курманғалиевна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

Жанадилова Карашаш Базаровна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

Жумаш Жанара Еркиновна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

Измагамбетова Раиса Кудайбергеновна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

Рысбаева Ардак Куанышовна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Омарова Гүлнар Жолдасовна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Астамбаева Жупат Канапьяновнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Алгоритмдерді оқыту барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамыту»

Мамандық: 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., п.ғ.к., профессор Романова М.А., п.ғ.д., профессор Жумабаева А.Е.

Қорғау 2022 жылдың 18-наурызында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- «сауаттылық», «математикалық сауаттылық», «әдістемелік сауаттылық», «әдістемелік-математикалық сауаттылық», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығы» ұғымдары мен түсініктерінің анықтамалары нақтыланды.

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамытудың мүмкіндіктері анықталды.

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды.

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамытудың әдістемелік жүйесі жасалды және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамытуға бағытталған «Алгоритмдерді оқыту әдістемесі» оқу-әдістемелік кешені мен «Основы обновленного математического образования младших школьников» оқу құралы әзірленіп, тәжірибелік-экспериментте сынақтан өткізіліп, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалды.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ), Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы), Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары (Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген), Бастауыш білім беру бағдарламасының паспорты. 6B01303 – Бастауыш білім ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен (Алматы, 2020), Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы), «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (2020 жылғы 1 қыркүйек), Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы).

2) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, бастауыш білім беретін мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты мен жалпы орта білім беретін мектептердің білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

Искакова Ляйла Маратовнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту»

Мамандық: 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Амирова А.С., доктор PhD, доцент Мустафа К.

Қорғау 2022 жылдың 18 наурыз өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың психологиялық – педагогикалық негіздері анықталған;

- «зияткерлік» және «сыни ойлау» ұғымдары құрылымы мен мазмұны нақтыланған;

- сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың ерекшеліктері айқындалған;

- сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдік көрсеткіштері, деңгейлері анықталған;

- сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін тиімді дамытудың әдістемесі әзірленген және оның тиімділігі тәжірибеде сынақтан өткізілген.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту, педагогикалық білім беруді жаңғырту, білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету мәселелері басты мақсат-міндеттер қатарына қойылған. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында; құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті. Сонымен қатар, білім алушыларға қойылатын талаптарда зияткерлікті айқындайтын зерттеудің нәтижелерін жинақтай білу қажеттігі көрсетілген. Сондықтан сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың теориялық-

практикалық шешімдерін табу Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен тығыз байланыстылығын танытады.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуға арналған «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» тақырыбында арнайы курс және «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» әдістемелік құралы әзірленді. Зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, жалпы орта білім беретін мектептерде, біліктілікті арттыру орталықтарындағы білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

Есназар Асель Жаңабергенқызының диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру»

Мамандық: 6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Жапбаров А., PhD, доцент Туркер Курт.

Қорғау 2022 жылдың 15 наурызында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- бастауыш білім беру жүйесінде пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды;

- пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі жасалды;

- пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалып, компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталды;

- бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш мектепте ойлау мен сөйлеуді пәнаралық байланыста қалыптастыру негіздері» атты ғылыми-әдістемелік семинарының бағдарламасы жасалды, бастауыш сынып оқушыларына арналған «Ойлау мен сөйлеудің құпиясы» атты факультативтік курс бағдарламасы әзірленді, пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі жүйеленді, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент нәтижелеріне сүйеніп дәлелденді.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы», Қазақстан Республикасының 2025

жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында және ел Президенті Қ. Тоқаевтың Жолдауларында жүзеге асырылып, бастауыш сыныптан бастап оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын пәнаралық байланыста қалыптастыру мәселесінің оң шешімін табуына толықтай мүмкіндік бар.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «Білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу, білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына сын тұрғысынан ойлай алатын, коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру, топпен және жеке жұмыс істеу сияқты кең ауқымды дағдылар» деп көрсетілген. Білім беру стандартындағы көрсетілген дағдылар теориялық ойлауы жетілген, тілдік дағдыларды игерген, пәндік білімді меңгерген бастауыш сынып оқушы тұлғасының үйлесімді дамуы мен қалыптасуына мүмкіндік береді.

Қоғам сұранысына қарай, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты: «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту», - деп беріледі. Аталмыш мақсатқа қол жеткізуде бірнеше міндеттерді шешуді болжайды, соның бірі – оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды пәнаралық байланыста жүзеге асыру. Мұндағы берілген міндеттердің шешімі бастауыш сынып оқушыларының моделін жетілдіруде қоғамның жаңа талаптарына бағытталған ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың жаңаша сипатын анықтап отыр.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында Сапалы білімге байланысты: «Оқушылардың ойлау дағдыларын қарапайым деңгейден (білу, түсіну, қолдану) жоғары деңгейге дейін (талдау, синтездеу, бағалау) қалыптастыру, пәнаралық байланыстарды барынша тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін «өтпелі тақырыптардың» болуы маңызды болады» деп міндеттейді. Аталған міндеттер өз кезегінде бастауыш сыныптан бастап оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды пәнаралық байланыстар арқылы жүзеге асыруды көздейді. Ендеше, оқу үдерісіндегі пәнаралық байланыс оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құралы бола алады.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік кешенін (бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш мектепте ойлау мен сөйлеуді пәнаралық байланыста қалыптастыру негіздері» атты ғылыми-әдістемелік семинарының бағдарламасы, бастауыш сынып оқушыларына арналған «Ойлау мен сөйлеудің құпиясы» атты факультативтік курс бағдарламасы және пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі) бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсына, болашақ бастауыш сынып

мұғалімдерін кәсіби даярлауда, жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарында, жоғары педагогикалық оқу орындарында пайдалануға болады.

Стамбекова Жазира Курманғалиевнаның диссертациясы бойынша:

4) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау»

Мамандық: 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Ғылыми кеңесшілері:

Жумабаева Азия Елеупановна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Бастауыш білім беру бағдарламалары кәсіби даярлау бөлімінің жетекшісі, Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы қаласы, Қазақстан.

Умирбекова Ақерке Нурланбековна – PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

Семра Гювен – философия докторы (PhD) Гази университет (Анкара қ. Түркия).

Қорғау 2022 жылдың 30 маусымында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

– болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау әдістемесі жасалған;

– «Бастауыш білім беруде инновациялық әрекетке даярлау негіздері» атты элективті курсы дайындалып, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілген;

– «Болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралы дайындалған;

– ЖОО білім алушыларына арналған «Ғылыми-инновациялық портал» жобасы дайындалған.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев өзінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 1 бап, 22 тармағы, «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығының қосымшасындағы «Педагогтің кәсіби стандарты».

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау арнайы әдістемені: «Бастауыш білім беруде инновациялық әрекетке даярлау негіздері» атты элективті курсы ЖОО педагогикалық үдерісіне енгізгенде және ғылыми

инновациялық портал жобасын, ұтымды әдістерді, жаңа инновациялық оқыту құралдарын қолданғанда нәтижелі болады.

Жанадилова Карашаш Базаровнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту»

Мамандық: 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Ғылыми кеңесшілері:

Жумабаева Азия Елеупановна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Бастауыш білім беру бағдарламалары кәсіби даярлау бөлімінің жетекшісі, Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы қаласы, Қазақстан.

Эльмира Уайдуллақызы – қауымдастырылған профессор м.а. (PhD) Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

Мехмет Ариф Озербаш – философия докторы (PhD) Гази университет (Анкара қ. Түркия).

Қорғау 2022 жылдың 30 маусымында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту

т
«метақұзыреттілік», «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің метақұзыреттілігі» түсінігінің мәні нақтыланды, құрылымы айқындалды.

р - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды.

я - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту әдістемелік жүйесі жасалды және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуға бағытталған «Дағдылар кешені» оқу-әдістемелік кешені әзірленіп, тәжірибелік-экспериментте сынақтан өткізіліп, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалды.

ә 2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

а Метақұзыреттілікті дамыту мәселесі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; «Интеллектуалды ұлт – 2020» (17 қаңтар, 2014 ж), «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы, (2017ж), «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында» және Қазақстан Республикасының білім беру мемлекеттік бағдарламасында: студенттерге нәтижеге бағытталған білім беру арқылы олардың тұлғалық ерекшеліктері мен қасиеттері ашылатын, шығармашылық ойлау, өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту тұрғысындағы мемлекеттік саясаттың басты ұстанымдары айқындалған.

ғ Білім берудің барлық деңгейлерінде білім берудің мемлекеттік

ы

д

а

н

жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтыруларында:

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру негізінде бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға, мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құруға, салауатты өмір салтына бағдарлауға, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби табысқа бағдарланған;

- өзін-өзі дамыту және өмір бойы білімін жетілдіру дағдыларын қалыптастырады;

- қазіргі әлемде ұтқырлыққа, сыни ойлау мен физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастырады;

- оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары қалыптастыру қарастырылған.

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Жолдауларында көтеріліп, соның негізінде оқушылардың да, болашақ мамандардың да функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесінің оң шешімін табуына мүмкіндік туып отырғанын байқауға болады.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

«Бастауыш білім беруде метақұзыреттілікті дамыту негіздері» атты элективті курсын және және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуға бағытталған «Дағдылар кешені» жоғары педагогикалық оқу орындарында пайдалануға болады.

Жумаши Жанара Еркиновнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру».

Мамандық: 6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі.

Ғылыми кеңесшілері:

Жумабаева Азия Елеупановна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Бастауыш білім беру кафедрасының меңгерушісі. Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қаласы, Қазақстан.

Семра Гювен – философия докторы (PhD), профессор. Гази университеті (Анкара қ. Түркия).

Қорғау 2022 жылдың 20 маусымында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

«креативтілік», «креативті құзыреттілік» – болашақ маманның ерекше сенімділікпен жаңашылдық идеяларды ойлап табуы және оларды ерік-жігері арқылы өз тәжірибесінде қолдануы», «болашақ бастауыш сынып мұғалімінің, яғни қазіргі студент тұлғасының креативті құзыреттілігін қалыптастыру – бұл оның жоғары кәсіби білім алу үдерісіне және болашақтағы мамандығына терең жауапкершілік сезімімен қарап, оған дайындық барысында өзінің санасынан резерв-ресурстарды табуы және

оларды өмірдегі, кәсібіндегі туындаған жағдаяттарға орнымен, дұрыс шешім шығатындай етіп қолдану траекториясы» деп нақтыланды.

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастырудың шарттары: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің болашақ кәсібінде өзінің креативті құзіреттілігін жүзеге асыруға, өзін-өзі дамытуға, шығармашылық қабілеті мен дағдыларын педагогтік қызметінде жарқын келбетте көрсетуге деген ұмтылысы, кәсіби-шығармашылық қызмет ету қажеттілігі; сауат ашу үдерісі барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыдан қамтамасыздандыратын «креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» элективті курсы әзірлеу және оқу үдерісіне ендіру; сауат ашу үдерісі барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастыруды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандыратын әдістемелік жүйе құру және оны жүзеге асыру; болашақ бастауыш сынып мұғалімінің сауат ашу үдерісіндегі әрбір сабақты, сабақтан тыс іс-әрекеттер жүйесін дайындауға және өткізуге дайын болуы деп анықталды.

- сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрайтын тұжырымдамалық, технологиялық, өлшемдік блоктар мен мотивациялық-мақсаттылық, гносеологиялық және праксиологиялық компоненттері, соған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштер, өте жоғары, жоғары, орташа, төмен деңгейлері анықталды.

- сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі: «бастауыш сынып оқушыларына арналған креативті тапсырмалар кешені»; «креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» оқу-әдістемелік құрал дайындалды, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденді.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасы Үкіметі 2021 жылғы 12 қазанда бекіткен ««Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында қазақстандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеті қойылып, соған сәйкес Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі қазіргі уақытта болашақ педагогтерді кәсіби даярлауды жақсартудың жаңа жолдарын қарқынды іздеуде.

Үкіметтің білім беру саласындағы заңдары мен нормативтік құжаттарында бұл бағыттағы стратегиялар әр уақытта белгіленіп көрсетіліп келеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «білім беру жүйесін дамытудың басымдығы» айқын белгіленіп, «білім мен ғылым жүйесін одан әрі дамытуға және жетілдіруге бағытталған инновациялық

әдістерді, оқыту технологиялары мен зерттеулерді әзірлеуге, сынақтан өткізуге және ендіруге қатысуы» туралы көрсетілген.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі дайындалған. Әдістемелік жүйе «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» оқу-әдістемелік құралынан, «Бастауыш сынып оқушыларына арналған креативті тапсырмалар» кешенінен тұрады. Зерттеудің нәтижелерін бастауыш білім беру мамандарын даярлайтын педагогикалық колледждерде, ЖОО-да «Әліппені оқыту әдістемесі» пәнін оқытуда және біліктілікті арттыру жүйесінде қолдануға болады.

Измагамбетова Раиса Кудайбергеновнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру»

Мамандық: 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Ғылыми кеңесшілері:

Амирова Амина Слямхановна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан)

Мехмет Гювен – философия докторы (PhD), профессор, Гази университеті (Анкара қ., Түркия).

Қорғау 2022 жылдың 07 қазанында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігінің критериалды жүйесінің генезисіне талдау жасалды;

- бастауыш сынып оқушыларының дербес бағалауын критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру мәселесі педагогикалық-әдіснамалық тұрғыдан негізделді;

- білім беру үдерісіндегі бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінің нәтижелерін критериалдық жүйе негізінде дербес бағалаудың мәні мен сипаттамасы берілді;

- бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалды;

- бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың әдістемесі жасалды, оның тиімділігі тәжірибелік- эксперименттік жұмыстар арқылы тексерілді және ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалды.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен

қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында: мектепте өлшемшарттық бағалау жүйесі жетілдірілетін болады. Оқушыларды ішкі бағалаудың (формативті және жиынтық бағалар, балдар) объективтілігін арттыру жұмысы жалғасады. Оқу бағдарламаларындағы өзгерістер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына күтілетін нәтижелеріне сәйкес бағалау құралдарын жүйелі қайта қарауды талап етеді, – деп көрсетілген.

Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулықта: бағалау жүйесінің терминдері мен анықтамалары, үйлестірушілерге көмек ретінде білім алушылардың оқу жетістігін қалыптастырушы және жиынтық бағалау үдерісін басқару, ұйымдастыру, жоспарлауға қатысты тәжірибелік ұсыныстар берілген.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулықта: білім алушылардың оқу жетістіктерін, қалыптастырушы, жиынтық бағалаудың үдерістерін жоспарлау, ұйымдастыру кезінде мұғалімдерге, болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне көмек ретінде тәжірибелік ұсыныстар мен тоқсандық, жылдық бағалау механизмдерінің жолдары, әдістері көрсетілген арналған құжат болып табылады.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Зерттеу нәтижелерін жалпы орта білім беретін мектептердің бастауыш деңгейлерінің мұғалімдері мен біліктілікті арттыру орталықтарындағы білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

Рысбаева Ардак Куанышовнаның диссертациясы бойынша:

5) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру»

Мамандық: 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Ғылыми кеңесшілері:

Сәдуақас Гүлбану Темірязқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті. Алматы қаласы, Қазақстан.

Айшегюль Байрактар – доктор, профессор, Анкара университеті (Анкара қ., Түркия).

Қорғау 2022 жылдың 7 қазанда өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, «ізгілік», «ізгілікті қарым-қатынас», «интеграция» ұғымдары мен «Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті

қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» түсінігінің мәні сипатталып, құрылымы нақтыланған;

- бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталған;

- бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері айқындалған;

- бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру үдерісінің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ғылыми ұсыныстар дайындалған.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасының Конституциясының I бөлімінің 1 бабындағы 1 тармағы, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы және «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы», Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары және Президенттің халқына Жолдаулары.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың әдістемелік жүйесін құрайтын «Табиғат – Ізгілік әлемінің бастау көзі» атты қосымша білім беру сабақтар жүйесі мен интеграциялық бағдардағы тапсырмалар мен жаттығулар кешенін оқу үдерісіне енгізгенде, интегративті әдіс оқушылардың өз ішкі мүмкіндіктерін, оқу-танымдық әлеуетін жетілдіруге және ізгілікті қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін іске асыруға деген ішкі ұмтылысын, мотивациясын дамытуға жол ашады.

Омарова Гульнара Жолдасовнаның диссертациясы бойынша:

б) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру»

Мамандық: 6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Жумабаева А. Е., п.ғ.к., қауымд. профессор Сәдуақас Г. Т., философия докторы (PhD) Кенжеғалиева М. Д.

Қорғау 2022 жылдың 30 маусымында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған;

- бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған;

- бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі әзірленген;

- бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру әдістемесі: бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш сынып оқушыларының лингвистикалық сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» атты 16 сағаттық оқу-әдістемелік семинардың бағдарламасы; 1-сыныпқа арналған «Әліппе» оқулығына қосымша «Менің алғашқы сөздігім» атты көмекші құрал; 1-сыныптың «Ана тілі» оқулығына қосымша «Ана тілінің түсіндірме сөздігі» көмекші құралы дайындалған, жалпы білім беретін мектептің оқу үдерісіне ендірілген.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III //<http://online.zakon.kz/>. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Bilim jáne Gylym!» атты мұғалімдердің Тамыз конференциясының Пленарлық отырысында сөйлеген сөзі. – 2019, 16 тамыз.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы, №604 бұйрығы. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.-Астана, 2018.

7) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

1-сыныпқа арналған «Әліппе» оқулығына қосымша «Менің алғашқы сөздігім» атты көмекші құрал Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ұсынысымен республиканың жалпы білім беретін мектептерінің 1-сыныбына 2021-2022 оқу жылынан бастап енгізілді.

5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).

Рецензенттер ретінде болашақ бастауыш сынып педагогтерін даярлау және математиканы оқыту әдістемесіне елеулі үлес қосқан ғалымдар тағайындалды. Рецензенттер докторлық диссертацияны біліктікпен талдады.

Астамбаева Жунат Канапьяновнаның диссертациясы бойынша:

Жолтаева Гульнар Нурболатовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, Ілияс Жансугуров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан. (мамандық шифры 13.00.02)

Жетпісбаева Гүлжан Оразбекқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. Шымкент қ., Қазақстан (мамандық шифры 13.00.02).

Искакова Ляйла Маратовнаның диссертациясы бойынша:

Кунакова К.У. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қ., Қазақстан (мамандық шифры 13.00.01);

Сұлтанбек М.Ж. - қауым.проф. м.а., PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Алматы қ., Қазақстан (мамандық шифры 6D010200).

Есназар Асель Жаңабергенқызының диссертациясы бойынша:

Уайсова Гулнар Инаматовна - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан (мамандық шифры 13.00.02)

Фейзулдаева Салтанат Арасатовна - философия докторы (PhD), I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті. Талдықорған қ., Қазақстан. (мамандығы: 6D010200).

Стамбекова Жазира Курмангалшевнаның диссертациясы бойынша:

Майлыбаева Гүлмира Сабыровна – педагогика ғылымдарының кандидаты, PhD, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті. Талдықорған қ., Қазақстан; (мамандық шифры 13.00.02).

Сұлтанбек Мәлік Жұпанбекұлы – қауымдастырылған профессор м.а., PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркістан қ., Қазақстан (мамандық шифры 6D010200).

Жанадилова Карашаш Базаровнаның диссертациясы бойынша:

Сейітқазы Перизат Байтешқызы - педагогика ғылымының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан (мамандық шифры 13.00.08).

Санай Гаухар Ералықызы - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. Тараз қ., Қазақстан (мамандық шифры 13.00. 01).

Жумаши Жанара Еркиновнаның диссертациясы бойынша:

Нағымжанова Қарақат Мұқашовна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Туран-Астана университеті. Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан. (мамандық шифры 13.00.01).

Изғұттынова Рабиға – педагогика ғылымдарының кандидаты. Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының жетекші ғылыми қызметкері. Алматы қ., Қазақстан (мамандық шифры 13.00.02).

Измагамбетова Раиса Кудайбергеновнаның диссертациясы бойынша:

Тоғайбаева Айгулден Кадировна – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан; (мамандық шифры 13.00.02).

Кенжетоева Роза Орынбаевна – философия докторы (PhD), Нархоз университетінің Жоғары гуманитарлық мектебінің қауымдастырылған профессоры, Нархоз университеті . Алматы қ., Қазақстан (мамандық шифры 6D010200).

Рысбаева Ардак Куанышовнаның диссертациясы бойынша:
Жапарова Баглан Мағауовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Павлодар педагогикалық университеті. Павлодар қ., Қазақстан. (мамандық шифры 13.00. 01).

Куралбаева Алия Ахметкаримовна – PhD, қауымдастырылған профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті. Түркістан қ., Қазақстан (мамандық шифры 6D010300).

Омарова Гульнара Жолдасовнаның диссертациясы бойынша:

Ермекбаев Мұхтар Абенұлы – педагогика ғылымының кандидаты, доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Шымкент қ., Қазақстан); (мамандық шифры 13.00.02).

Ізғұттынова Рабиға – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Бөбек» ҰҒПББСО, Адамның үйлесімді дамуы институтының жетекші ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан) (мамандық шифры 13.00.02).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар

- диссертацияларды қорғауға жіберетін ЖОО мен бітіртуші кафедралар зерттеу жұмысының сапасы мен қорғауға қажетті құжаттарға баса назар аударулары керек.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:

	8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау
Қорғауға қабылданған диссертациялар	9
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	1
Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы

(қолы, аты-жөні)

Жумабаева А.Е.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

(қолы, аты-жөні)

Нуржанова С. А.

